

# Теоретические и экспериментальные исследования

---

УДК 574;575.35

Ә. А. ӘЙТЕНОВА

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.  
E-mail: aqerke@mail.ru)

## ТӨМЕНГІ ЖИЛІКТЕГІ ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ӨРІСТЕРДІҢ ӨСІМДІКТЕКТІ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРГЕ ӘСЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ

**Аннотация.** Макалада соңғы он жылдағы өзекті зерттеу тақырыбына айналып үлгерген төменгі жиіліктегі электромагниттік өрістің, 10-16 Гц диапазонында әрлендіру әсерін зерттеуге бағытталған ізденістердің нәтижелері келтірілген. Ең алғашқы болып, гравитациялық, табиғи және жасанды электромагниттік өрістердің периодтық биорезонансы әсер етулерін, ауылшаруашылық дақылдар дәндерін жоғары жылдамдықпен өсіруін және өнімдігі мен сапасын қамтамасыз етуге жауап беретін қысқа биоритмдерді ұлғайтуға негізделген, ауылшаруашылық дақылдар дәндерін биорезонансы әсеріндегі белсендердің биоритмдеріне жүйелі әсер етудің зандылықтары тағайындалды.

**Тірек сөздер:** электромагниттік өріс, магниттік өріс, өсімдіктер, төменгі жиілікті электромагниттік өрістер, ауылшаруашылық өнімдері.

**Ключевые слова:** электромагнитное поле, магнитное поле, растения, низкочастотные электромагнитные поля, сельскохозяйственная продукция.

**Keywords:** electromagnetic field, magnetic field, plants, low-frequency electromagnetic fields, agricultural products.

Экология, биологияда және басқа да ғылым салаларында төменгі жиіліктегі электромагниттік өрістердің (ТЖ ЭМӨ, 10-16 Гц) әртүрлі биологиялық жүйелерге әсерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл өрістерге сезімталдылық әртүрлі деңгейдегі биожүйелерден басталады: микроағзалардан өсімдіктер мен жануарларға дейін, тіптен адамдарды қоса алуға болады. Бұл электромагниттік өрістердің әмбебаптылығы әртүрлі экологиялық жүйелерге әсер етуді қарастыруды қажет етеді. Барлық өсімдіктектика және жануартекті биологиялық жүйелер үнемі табиғи және жасанды электромагниттік өрістердің әсерінде болады. Биологиялық жүйелер жердің табиғи геомагниттік өрістерімен қатар үнемі техногенді өрістердің әсерінде де болатыны белгілі.

Әмір сұру процесіне инфракызыл, ультракултік және рентгенді көлемдегі электромагниттік толқындар маңызды әсерлерін тигізеді. Бірақ көптеген жылдар бойы ғалымдар жоғарғы жиіліктегі электромагниттік өрістерден төменгі жиіліктегі өрістердің аз қарқындылығына байланысты биожүйеге әсер етуі мүмкін емес деген ойда болды. Бірақ соңғы он жылда бұл көзқарас өзгеріп, бұл өрістерге биожүйеге жоғарғы сезімталдылықта екенин дәлелдеп келеді. Электромагниттік өрістердің биожүйеге қолайлы әсер ететіндігі жайлы көптеген эксперименттер жүріп жатыр. Сонымен қатар тірі организмге зиянды жактары да зерттелуде, мәселен организмнің кеш жетілуі, рак ауруларының пайда болуы және т.б. [1]. Қазір осыған сай ғалымдарда қоршаған ортаны электромагниттік өрістердің көрі әсерлерінен қорғау және белсенді түрде биожүйеге электромагниттік толқындардың техногенді қауіптерінен сақтау сұраптары түр.

Биожүйені жалпы қарастырмай, оның жеке бөліктеріне, яғни майлар, нөруыздар, клеткалық деңгейдегі әсерін зерттеу маңызды болып табылады.

Барлық тірі организмдер ұзақ эволюция барысында табиғаттың физика-химиялық жағдайларына, яғни температура, қысым, атмосфера құрамына, жарыққа, ылғалға, сонымен қатар жердің геомагниттік, гравитациялық, электромагниттік өрістеріне бейімделген [2].

30-жылдардың өзінде «Рим клубы» ғалымдары егер дұрыс әрекет жасалынбаса азық-түлік өндірісі адам басына 2007 жылдан бастап (жылына 15 %) күрт төмендейді, Жер ресурстары 15 %-ға азаяды, сонымен қатар қоршаған ортаның ластануы 2050 жылы максимумына жетеді, 2056 жылы Жердегі адам саны 9 млрд-қа жетеді деп болжамдар жасаған [3].

Электромагниттік өрістер әсері өнімділікті арттыруға және тыңайтқыштарды аз пайдалануға жағдай жасайды. Соңғы жылдардағы көптеген тәжірибелік зерттеулер жүргізгенденнен соң төменгі жиіліктегі электромагниттік өрістер биосфераның экологиялық факторына айналып отыр.

**Жұмыстың мақсаты** биосфераның қазіргі экологиялық ластануы жағдайында биологиялық жүйеге төменгі жиіліктегі электромагниттік өрістердің әсер ету заңдылықтарын зерттеуден тұрады. Зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, келесідей **міндеттер алға қойылды**:

- төменгі жиіліктегі электромагниттік өрістердің биожүйеге жағымды әсерінің заңдылықтарын тәжірибелік және теориялық түрде анықтау;
- төменгі жиіліктегі электромагниттік өрістердің ең тиімді жиіліктегі көлемін тауып, 10-16 Гц көлемдегі жиілікпен өсімдіктекті биожүйеге зерттеулер жүргізу;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігіне, саны мен сапасының артуына қолайлы әсер ететін ең тиімді параметрлерін (уақыт, жиілік) анықтау;

### **Электромагниттік өрістер және биожүйелерге әсері**

Геомагниттік өріс организмнің жеке клеткаларындағы барлық процестерге және жалпы биосфераға әсер етеді.

Барлық зерттеулер көрсеткендей, гомеостазис, яғни фенотип пен генотип құрылымы мен құрамының динамикалық тұрақтылығы геомагниттік өріске байланысты, тіпті оның басқаруында болады деп те айтуда болады. Алынған зерттеулер гелиоботаниканың терең және жалпы түсінік-темесін алуға мүмкіндік береді. Мұнымен қоса анықталмаған басқа да сұрақтар туындаиды: тірі организмге айтарлықтай қандай геофизикалық факторлар әсер етеді, экожүйенің белгілі бір өкіліне арнайы әсері бар ма, биологиялық әрекетінің молекулярлы механизмі және т.б. [4].


Жер бетіндегі көптеген процестерге, соның ішінде биосфераға күн белсенділігі үлкен әсер етеді. Күн белсенділігіне күнде жүріп жататын ішкі процестер жатады және сыртқы формаларының пайда болуы (дақ, факель, хромосфералық жарқылдар), олар энергияны зат түрінде және өрістер түрінде бөледі.

Магниттік өрістердің нақты қалай әсер ету механизмі жайлы деректерді классикалық ғалымдардың бұрынғы еңбектерінен көруге болады [5].

ЭМФ биологиялық объектілердің бірыңғай сезімталдылық механизмі әлі жоқ. Қазіргі таңда ЭМФ әсер ету механизмнің физика-химиялық, биологиялық жүйелерге әсерін түсіндіретін көптеген гипотезалар бар. Ғылыми әдебиеттерде келесідей түсіндірмелер жиі айтылады: ядролық магниттік резонанс; параметрлік магниттік резонанс; кездейсоқ және циклотрондық резонанс; өріспен өзара қарым-қатынастағы бос радикалдардың болуы, диффузия құбылысы жылдамдығының және механизмінің (клеткалық мембранның) өзгеруі; өрісті ДНҚ және нәрүяздардағы жартылай өткізгіштік әсерлері; белсенді орталығы бар молекуланың ротационды өрісінің өзгеруі; параметрлік молекулаларға байланысты валентті көміртектердің өзгеруі. Биологиялық объектілер сыртқы электромагниттік табиғат факторларының әсерінде болады. Сондықтан тірі организмнің эволюциялық дамуы белгілі бір деңгейде осы табиғи электромагниттік спектрлерге байланысты [6].

Электромагниттік өрістер жер бетіндегі барлық процестерге қатысады белгілі. Соның ішінде бүкіл тірі организмдер, яғни адамдардан бастап ең кіші микроағзалардың клеткаларындағы құбылыстарға әсер етеді. Төменгі жиіліктегі ЭМФ клеткалық деңгейде организмге әсерін төменгі 1-суреттен көруге болады.

Әдебиеттерден алынған нәтижелер бойынша, төменгі жиіліктегі электромагниттік өрістердің әсері өсімдіктекі жүйелермен қатар жануартекті организмдерге де әсері бар екенін көруге болады. М. Г. Барышев [7] зерттеулерінен қант қызылшасы мен күнбағыс тұқымдастарының клеткасында жүретін физиологиялық процестерінің ингибитор жасауына алып келетінін анықтағанын көрдік. Оның зерттеулері бойынша, төменгі жиіліктегі электромагниттік өрістер астық тұқымдастардың өсу жылдамдығына әсер ететіндігін қарастырған.



1-сурет – Төменгі жиіліктегі ЭМФ клеткалық деңгейде организмге әсері [6]

Экспериментальды дәлелдерді сараптай отырып, мынадай экологиялық аспектті айтып өту керек. Электромагниттік өрістердің әсерін бағалағанда спектрдің амплитудасы мен енін ғана емес, модуляцияның түрін және параметрлерін (АМ, ЧМ және т.б.), сонымен қатар модулдалатын дабылды жиілік қандай екенін анықтау маңызды болып табылады. Бұрын зерттеушілер әртүрлі спектрдағы электромагниттік өрістердің биожүйеге тек энергетикалық әсерін ғана басшылыққа алған. Жоғарыдағы әдебиеттерден алынғын зерттеулерден көріп отырғандай, басқа да нақты әсерлерді қайта қарау қажеттілігі туындарды [8].

Жүргізілген зерттеулерден кейін, электромагниттік өрістерді экологиялық фактор ретінде алып қарастыруға болады. Себебі биожүйе өсімдіктекті жүйелермен қоса жануартекті жүйелердің де өмір сүру деңгейіне әсер ететіні анықталды.

Электромагниттік өрістердің энергиясын пайдалану ауыл шаруашылығында электротехнологияны пайдалану мүмкіндігін арттырады. Электромагниттік өрістермен әсер ететін құралдарды ауыл шаруашылығында пайдалану басқа да шығынға ұшырататын тыңайтқыштар және құралдарды пайдаланғаннан тиімді. Шетел және орыс ғалымдарының зерттеулерінің нәтижесі бойынша биологиялық белсенділікті арттыру электромагниттік өрістердің тәменгі жиіліктегі көлемінде қолайлы әсер ететіні дәлелденуде.

ТЖ ЭМӘ биожүйелерге қолайлы әсер ететінін алға қоя отырып, тәжірибелік зерттеу жұмыстары жасалынған болатын.

### **Зерттеу материалы мен әдістері**

Адам санының күрт өсуі, азық-түлік жетіспеушілігі себептерінен байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерінің биорезонансты белсенділігін арттыру мақсатында тәменгі жиілікті электромагниттік өрістерін пайдалану арқылы технология жасалынған [9].

Зерттеуге «Қазақстандық ерте пісетін» бидай сорты және жүгерінің «Алтын-739» сорты алынды. Зерттелінетін параметрлер ретінде тұқымдардың өнгіштігі және өсу энергиясы алынды. Үлгі ГОСТ 12036-85 бойынша таңдал алынды, яғни механикалық закымданбаған тұқымдар алынды, ал тұқымдардың көлемі 1,4-1,6 см шамасында болды. Аномалиялы бояумен, зенмен закымданған, дән жарнағымен закымданған, ұрықсыз, өскен тұқым, жартысы жоғалған тұқымдар, өлі қоспалар араласқан, жердің түйіршіктері, сынған сабақ және гүл араласқан тұқымдар, ашық тұқымдардың барлығынан тазартылды.

Жүгерінің «Алтын-739» сорты мен бидайдың «Қазақстандық ерте пісетін» сортының тұқым өнгіштігі мен тұқым өсу энергиясы ГОСТ 12038-84 бойынша анықталынды. Берілген стандарт ауыл шаруашылығы тұқымдастарына арналған, бірақ қант қызылшасы, гүлді тұқымдастар мен мақта тұқымдастарынан басқа.

Үлгі үшін Петри табақшасында ТЖ ЭМӘ әсер еткізілмеген бидай тұқымдары алынды. Ал тәжірибеге қойылған тұқымдар ТЖ ЭМӘ (жиілік 10-16 Гц, уақыт 15 минут) сәулелендірілді. Тәжірибе Петри табақшасына лабораториялық жағдайда қойылды.

### **Тәжірибе нәтижесі және түсініктеме**

БҰҰ зерттеулеріне жүгінсек, әлем бойынша ауыл шаруашылығының өнімдерімен бүкіл халықты қамтамасыз етуіне жағдай жасау үшін астық айналымын қосымша 100-ден 200 млн га егістікке ұлғайту керек. Бірақ соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ауыл шаруашылығы көлемінің азауына күе боламыз. Егер 80-жылдары орташа жылдық өнімділігінің ұлғаюы әлем бойынша 30 млн тоннаны құраса, кейінгі жиырма жылдың ішінде 12 млн тоннаны ғана құрап отыр, 2030 жылға дейінгі кезеңде 9 млн тоннага дейін тәмендейді деген болжамдар бар. Ал бірақ халық санының өсуі 2030 жылға қарай 8,9 млрд адамға өседі.

Халықаралық кеңестің (IGC) астық бойынша берген мәліметтері бойынша 2007 жылы ауыл шаруашылығынан 1568 млн тонна, ал 2006 жылы 1612 млн тонна астық жиналған. Мұнда байқайтынымыз әлемдік қор 315 млн-нан 282 млн тоннага азайғанын көрүімізге болады [10].


Соңғы жылдары тұқымның өнуіне, өсімдік бойының өсуіне қолайлы әсер ететін әртүрлі физикалық әсерлер туралы мәліметтер бар. Ауыл шаруашылығындағы ең бір басты проблемалардың бірі – ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайту және өнімнің сапасының арттыру. Осы жағдайда ТЖ

ЭМΘ әсерін зерттеу тиімді бағыт болып табылады. Сондықтан да біз жүгегі тұқымы (*Zea mays*) мен бидай тұқымын (*Triticum vulgare*) зерттеу объектісі ретінде таңдал алдық. ТЖ ЭМΘ 10-16 Гц көлемдегі жиілігінің әсері және таңдал алынған ауыл шаруашылығы өнімдерінің өсу параметрлеріне әсері зерттелінді.

Зерттеу нәтижелері тәмендегі 1-кестеде, 2-суретте берілген. Нәтижесі бойынша, әрбір тұқым-дасқа жеке-жеке ең қолайлыш деген ЭМΘ жиілігін анықтап алу маңызды болып табылады.


1-кесте – «Қазақстандық ерте пісітін» бидай сортының өнімділігінің ТЖ ЭМΘ жиілігіне бағыныштырылғы,  $t = 15$  минут,  $H = 100$  A/m

ЭМΘ жиілігі	0	10	11	12	13	14	15	16
Тұқым өнімділігі, %	73	68	81	70	71	97	65	50



2-сурет – «Қазақстандық ерте пісітін» бидай сортының өнімділігінің ТЖ ЭМΘ жиілігіне бағыныштырылғы,  $t = 15$  минут,  $H = 100$  A/m

ТӨ ЭМΘ бидай өнімділігіне әсерінің кішкене әсері ЭМΘ  $f = 14$  Гц жиілігінде байқалды, соның ішінде тәжірибелеге қойылған үлгелері бақылаулы 24%-ға асып түсті, ал қателік  $\Delta = 5,7$  болды. ЭМΘ  $f = 11$  Гц жиіліктері әсерінде өнімділіктің жоғарылығы бақылаулы 8%-ға асып түсті. Бұдан басқа да параметрлерді алып өнімділікті салыстырмалы түрде көрсетуге болады. Ол үшін ТЖ ЭМΘ жиілігіне бағынатын өну энергиясы алынады. Ол тәменгі 2-кестеде, 3-суретте көрсетілген.



3-сурет – «Қазақстандық ерте пісітін» бидай сортының өну энергиясының ТЖ ЭМΘ жиілігіне бағыныштырылғы,  $t = 15$  минут,  $H = 100$  A/m

2-кесте – «Қазақстандық ерте піссетін» бидай сортының өну энергиясының ТЖ ЭМΘ жиілігіне бағыныштылығы,  $t = 15$  минут,  $H = 100$  А/м

ЭМΘ жиілігі	0	10	11	12	13	14	15	16
Тұқым өнімділігі, %	88	68	91	70	71	96	65	53

Сонымен, өну энергиясының ЭМΘ  $f = 14$  Гц жиілігіндегі әсері зерттелініп отырған параметрді максималды мәнге 96 % жеткізді. Ол бақылауы 8%-ға асып түсті. Ал ЭМΘ  $f = 11$  Гц жиіліктегі әсері бақылау мен үлгі арасындағы айырмашылығы 3 % ғана құрады. Бұдан мынадай қорытындыға келуге болады, «Қазақстандық ерте піссетін» бидай сортының өну энергиясының ТЖ ЭМΘ жиілігіне бағыныштылығы мынадай параметрлерде жоғары мәнге ие болады: яғни, ЭМΘ  $f = 14$  Гц жиілігі, әсер ету уақыты  $t = 15$  минут, магниттік өрістің қуаты  $H = 100$  А/м.

Көптеген елдерде электромагниттік өрістердің өсімдікке, өнімділікті жоғарылатуға оң әсері қазір көптеген елдерде зерттелуде. Жоғарыда аталған зерттеулер нәтижелері әлі де толық электромагниттік өрістер мен биожүйенің арасындағы механизм толық зерттелген жоқ, бірақ даму үстінде.

Бидай тұқымдастының электромагниттік өрістерге жоғары сезімталдығы pH өзгерісінен және акуыздың босатылуына байланысты [10]. Ол клетканы тыныштық күйден шығарып, өсуін жоғарылатады және қайта қалпына келу процесін жоғарылатады. Сонымен қатар мембранның бөгөу қызыметін арттырады. Жүргізілген зерттеулер тәменгі жиіліктегі электромагниттік өрістер бидайдың ісінү кезеңінде метаболизм процесінің белсенділігендігін көрсеткен. Испардің белгілі бір уақытында ғана әсер ету деңгейі жоғары болады. Мәселен, тәжірибе қойғаннан кейін сағат 12-00 мен 22-00 арасында жоғары белсенділік көрсеткен.

Тәжірибелік зерттеулер жүргізе отырып тәменделгідей қорытындылар жасалды:

1. Көптеген зерттелген әдебиеттерді талдау барысында, ТЖ ЭМΘ астық өнімдігінің өсуіне жылдамдатушы әсер беретіні анықталған.

2. ТЖ ЭМΘ бидай өнімділігіне кішкене әсері ЭМΘ  $f = 14$  Гц жиілігінде байқалды, соның ішінде тәжірибеле қойылған үлгілері бақылаулы 24%-ға асып түсті, ал қателік  $\Delta=5,7$  болды. ЭМΘ  $f = 11$  Гц жиіліктегі әсерінде өнімділіктің жоғарылығы бақылаулы 8%-ға асып түсті.

3. «Қазақстандық ерте піссетін» бидай сортының өну энергиясының ТЖ ЭМΘ жиілігіне бағыныштылығы мынадай параметрлерде жоғары мәнге ие болды: яғни, ЭМΘ  $f = 14$  Гц жиілігі, әсер ету уақыты  $t = 15$  минут, магниттік өрістің қуаты  $H = 100$  А/м.

4. Жалпы зерттеу нәтижелерін қорытындылай келсек, тәменгі жиіліктегі 10–14 Гц ЭМΘ би-дай өнімдігінің өсу жылдамдығына қолайлы әсер етеді. Ал тұрмыстық техникалардың шығаратын жиілігі 50 Гц ЭМΘ көрісінше өсу механизмін тәжіеді.

## ӘДЕБІЕТ

- 1 Шевель Д.М. Электромагнитная безопасность. – Киев: ВЕК+, Киев: НТИ, 2002. – 432 с.
- 2 Карташев А.Г. Электромагнитная экология. – Томск: ТГУ, 2000. – 275 с.
- 3 Надиров Н.К., Низовкин В.М. Энергоэкологическая ситуация XXI века. – Алматы, 2008. – 146 с.
- 4 Старухин Р.С., Белицын И.В., Урвачев С.А. // «Проблемы энергосбережения и экологии в промышленном и жилищно-коммунальном комплексах»: сборник статей VII Междунар. научно-практ. конф. – Пенза, 2006. – С. 221–223.
- 5 Апашева Л. М., Лобанов А.В., Комиссаров Г.Г. Влияние флюктуирующего электромагнитного поля на ранние стадии развития растений // Доклады академии наук. – 2006. – Т. 406, № 1. – С. 108–110.
- 6 Куликова Н.Н. Экологические аспекты действия низкочастотного электромагнитного поля на биологические объекты растительного: Диссертация. – М., 2006. – С. 13–16.
- 7 Важенин Е.И. Перспективы использования в пищевой индустрии технологий с применением электромагнитных полей крайне низких частот // Научный журнал КубГАУ. – № 85(01). – 2013. – С. 23–27.
- 8 Барышев М.Г. Влияние электромагнитного поля на биологические системы растительного происхождения. – Краснодар: Кубанский гос. ун-т, 2002. – 297 с.
- 9 Солодова Е.В. Влияние геофизических параметров на магнитные свойства растений. Информационные агротехнологии. Ч. III. – Алматы, 2010. – 26 с.
- 10 Патент РК №15355. 2004. Способ обработки семенного и посадочного материала // Аппиров А.М., Надиров Н.К., Онгарбаев Е.С.
- 11 Надиров Н.К. Об использовании информационных агротехнологий // «Информационные агротехнологии» сб. докл. – Алматы, 2009. – С. 5–10.
- 12 Штеменко Н.Т., Сорочан О.О. Вільні амінокислоти на ранніх фазах проростання зерна кукурудзи // Физиология и биохимия культурных растений. – 2001. – Т. 33, №5. – С. 441–445.

**REFERENCES**

- 1 Shevel' D.M. Jelektromagnitnaja bezopasnost'. Kiev: VEK+, Kiev: NTI, 2002. 432 s.
- 2 Kartashev A.G. Jelektromagnitnaja jekologija. Tomsk: TGU, 2000. 275 s.
- 3 Nadirov N.K., Nizovkin V.M. Jenergojekologicheskaja situacija XXI veka. Almaty, 2008. 146 s.
- 4 Staruhin R.S., Belicyn I.V., Urvachev S.A. «Problemy jenergosberezenija i jekologii v promyshlennom i zhilishchno-kommunal'nom kompleksah»: sbornik statej VII Mezhdunar. nauchno-prakt. konf. Penza, 2006. S. 221–223.
- 5 Apasheva L. M., Lobanov A.V., Komissarov G.G. Vlijanie fluktuirujushhego elektromagnitnogo polja na rannie stadii razvitiya rastenij. Doklady akademii nauk. 2006. T. 406, № 1. S. 108-110.
- 6 Kulikova N.N. Jekologicheskie aspekty dejstvija nizkochastotnogo elektromagnitnogo polja na biologicheskie ob#ekty rastitel'nogo: Dissertation. M., 2006. S. 13-16.
- 7 Vazhenin E.I. Perspektivy ispol'zovanija v pishhevoj industrii tehnologij s primeneniem elektromagnitnyh polej krajne nizkih chastoty. Nauchnyj zhurnal KubGAU. № 85(01). 2013. S. 23-27.
- 8 Baryshev M.G. Vlijanie elektromagnitnogo polja na biologicheskie sistemy rastitel'nogo proishozhdenija. Krasnodar: Kubanskij gos. un-t., 2002. 297 s.
- 9 Solodova E.V. Vlijanie geofizicheskikh parametrov na magnitnye svojstva rastenij. Informacionnye agrotehnologii. Ch. III. Almaty, 2010. 26 s.
- 10 Patent RK №15355. 2004. Sposob obrabotki semennogo i posadochnogo materiala. / Ashirov A.M., Nadirov N.K., Ongarbaev E.S.
- 11 Nadirov N.K. Ob ispol'zovanii informacionnyh agrotehnologij. «Informacionnye agrotehnologii» sb. dokl. Almaty, 2009. S. 5-10.
- 12 Shtemenko N.T., Sorochan O.O. Vil'ni aminokisloty na rannih fazah prorostaniya zerna kukurudzi. Fiziologija i biohimija kul'turnyh rastenij. 2001. T. 33, №5. S. 441-445.

**Резюме***A. A. Aitenova*

(Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан)

**ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДЕЙСТВИЯ НИЗКОЧАСТОТНОГО ЭЛЕКТРОМАГНИТНОГО ПОЛЯ  
НА БИОЛОГИЧЕСКИЕ СИСТЕМЫ РАСТИТЕЛЬНОГО**

В статье представлены результаты исследований на изучение стимулирующего влияния низкочастотных электромагнитных полей в диапазоне 10-16 Гц. Для первого времени устанавливался закономерности биорезонансной активации семян сельскохозяйственных культур и системы влияния на биоритмы, состоящих из гравитационных, натуральных и искусственных электромагнитных полей. Периодическое биорезонансное влияние биоритмов, вызывают увеличение скорости прорастания, производительности и улучшение качества сельскохозяйственные семена культур.

**Ключевые слова:** электромагнитное поле, магнитное поле, растения, низкочастотные электромагнитные поля, сельскохозяйственная продукция.

**Summary***A. A. Aitenova*

(Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan)

**ENVIRONMENTAL ASPECTS OF THE LOW-FREQUENCY ELECTROMAGNETIC FIELD'S ACTION  
ON BIOLOGICAL SYSTEMS OF PLANT ORIGIN**

In the article the results of research directed on study of stimulating effect of low-frequency electromagnetic fields in 10-16 Hz range are presented. For the first time the regularities of bioresonant activation of seeds of agricultural crops and system influence on their biorhythms consisting of gravitational, natural and artificial electromagnetic fields, were defined. Periodic bioresonant influence of biorhythms, causes the increase of germination speed, productivity and improvement of quality of agricultural seed crops.

**Keywords:** electromagnetic field, magnetic field, plants, low-frequency electromagnetic fields, agricultural products.

*Поступила 10.0.2014 г.*